



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«13» 09 2024 жылғы М/30  
Астана қаласы

**Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері арасында  
«Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»  
республикалық байқауының қалалық кезеңін  
ұйымдастыру және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2024 жылғы 31 қаңтардағы №01-06-43 хаты негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауының қалалық кезеңін өткізуді **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауының қалалық кезеңі меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері арасында 2024 жылдың 13 қыркүйек пен 7 қазан аралығында өткізілсін.

2. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауының қалалық кезеңінің ережесі 1-қосымшаға сәйкес, қазылар алқасы құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары Д.Байтасовқа жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова

001453